e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 27.08.2026
Сақтау күні 07.09.2026
Дата редакции 27.08.2026
Дата скачивания 07.09.2026

Жітіқара қаласының әкімі | Қостанай облысы Жітіқара ауданы Жітіқара қаласы әкімінің 2026 жылғы 27 тамыздағы № 9 шешімі | Аким города Житикара

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына «Жітіқара желілік-техникалық цехы - «Қондыбай» кеден бекеті» талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу» объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу және пайдалану үшін Жітіқара ауданы Жітіқара қаласының аумағында орналасқан алаңы 1,3 гектар жер учаскелеріне 2029 жылғы 11 маусымға дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жариялағаннан кейін оның Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің міндетін атқарушы **А. Алимбаева**